

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Бағдаршам және біз

ЖАРИЯЛАНДЫ  
20.10.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/83398/>**Тақырыбы:** «Бағдаршам және біз»

**Мақсаты:** Жолда жүру ережесі туралы түсінік беру. Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың әрекеті
<b>Мотивациялық қозғаушы</b>	«Көшеге» саяхат. Балабақша маңындағы көшеге серуенге шығып, ондағы жолдарды, көліктерді адамдарды көрсетіп, балалармен әңгімелеседі.	Балалар қуанып көшені аралап көргендерін әңгімелейді.
<b>Ұйымдастыру-ізвестіру</b>	-Тақтадағы суреттерді көрсете отырып, көшедегі жолдар ұзын, қысқа, кең және өте әдемі болатынын түсіндіреді. — Көліктер қайда жүреді? -Жолдар қандай болды? — Көшеде тағы нелер бар? — Қандай көлік түрлерін көріп тұрсыңдар? — <b>Жұмбақ жасыру:</b> Жасыл көзі жүр дейді, Қызыл көзі тұр дейді. Сары көзі дайын бол дейді — <b>Қимылдық ойын:</b> «Түрлі-түсті автомобильдер» <b>Шарты:</b> балалар үш топқа бөлініп (қызыл,көк,жасыл), оларды түрлі шеңберге орналастырады. Олар машина жүргізушілер. Тәрбиеші қолына қағаздан жасалған бағдаршам көздері сынды картонды алады. Жасыл түсті дөңгелекті көтергенде, балалар бөлме ішінде бірін-бірі қақпай-соқпай машина болып гүрілдеп, әрлі-берлі қозғалады. Ал, қызыл картон дөңгелекті көтергенде машиналар	-Тақтада берілген суреттерді ажыратып айтып береді.  § Жолда. § Ұзын,қысқа, тар,кең. § Үлкен әдемі үйлер, ағаштар, Мега, дүкендер. § Жеңіл машиналар, жүк машиналар. § Жұмбақтың жауабын тауып «бағдаршам» екендігін айтады  -Балалар үш топқа бөлініп ойын шарты бойынша тәрбиешінің басқарылуымен іс-қимыл арқылы, бағдаршамның түстерін ажырата отырып ойнайды.

	<p>тоқтайды. Сары түсті көрсеткенде айналасына қарап, жүруге дайындалады.</p> <p><b>§ Сергіту сәті:</b> Орнымыздан тұрайық, Біздер жолға шығайық. Ұзын,қысқа жолдарды Біліп біздер алайық. Оң жақта да, сол жақта да, Биік үйлер бар екен.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Бағдаршам».</b> -Тәрбиеші «қызыл» түсті көрсеткенде, -«сары» түсті көрсеткенде, -«жасыл» түсті көрсеткенде Ойын: «Дұрыс-бұрыс» ойыны Балалар дұрыс жауапқа қолдарын шапалақтайды. § Көшеден өткенде солға оңға қараймын. § Көшенің ортасында доп ойнаймын. § Жол ережесін сақтаймын. § Бағдаршамның сары көзі жанғанда дайындаламын. § Жасыл көзі жанғанда жүремін</p> <p><b>Дид. Ойын:</b> «Бағдаршам көздерін ретімен қой»</p>	<p>§ Тәрбиешімен бірге қайталап қимылдармен көрсетеді.</p> <p>— балалар қимылдамай тұрады. -қолдарын шапалақтайды. — орындарында ары-бері жүреді. Ойынды бірнеше рет қайталайды.</p> <p>§ Шапалақтамайды</p> <p>§ Шапалақтамайды</p> <p>§ Шапалақтайды</p> <p>§ Шапалақтаймын</p> <p>§ Шапалақтаймын Бағдаршам көздерін ретімен қойып береді.</p>
<p><b>Рефлексивті-түзетушілік</b></p>	<p>-Біздер қайда саяхатта болдық? Нелер көрдік?</p> <p>-Нелер туралы айттық?</p> <p><b>Ә. Табылдиевтің «Бағдаршам» өлеңін жаттау.</b> Қызыл көзін ашқанда, аяғынды баспа алға. Сары көзін ашқанда, қарап қалма аспанға. Жасыл көзін ашқанда, жүре бергін жасқанба. Ұйымдастырған оқу іс-әрекетіне араласқан балаларды мақтап, мадақтау.</p>	<p>— Көшеде, үлкен үйлер, дүкендер, Мега, т.б</p> <p>§ Көше, бағдаршамның көздері,жұмбақтың шешуін, ойындар ойнадық.</p> <p>§ Балалар тәрбиешімен бірге қайталап жаттап алады.</p>

### Күтілетін нәтеже:

**Нені біледі:** Жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен және жолда жүру ережесін біледі.

**Қандай түсініктерді игереді:** Көшеде , жолда, жаяу адам жүретін жол және көліктер туралы түсініктерін қалыптастырады.

**Меңгерген дағдыларымен іскерліктері:** «Байқаңдар, балалар!», «Жаяу адам жүретін жол» сынды жол белгілері туралы білім беру және оларды айыра білуге жетілдіру.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.